

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің
6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ кәсіптік оқыту
педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын
қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбы бойынша
Тәңкіш Нәзира Полатқызының диссертациясына

Шетелдік кеңесшінің

ПІКІРІ

Кәсіби қалыптасу -кәсіби қызметті жүзеге асырудың жеке тәсілдері жүйесін қалыптастыру мақсатында жеке тұлғаға әлеуметтік әсер етудің уақыт бойынша кең таралған әдістерінің жиынтығын қолдану, оны әртүрлі кәсіби маңызды іс-шараларға (танымдық, оқу және кәсіби және т.б.) қосуды айтамыз. Бұл пікір де болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың маңыздылығын айқындай түседі.

Студенттердің кәсіби қалыптасу қарқыны мен траекториясы өзгермелі және жеке психологиялық ерекшеліктер мен оқыту технологиялары сияқты факторлармен анықталады. Сол себепті болашақ кәсіптік оқыту педагогының әлеуметтік және тұлғалық функцияларын қалыптастыру кезеңінде оқыту технологияларының мүмкіндіктерін пайдалану қажеттігі күман тудырмайды.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогының университеттік дайындығы студенттердің кәсіби және жеке өзін-өзі жүзеге асыру факторы ретінде қарастырылуда. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының негізгі дайындығын қалыптастыру - оның даму перспективаларын саналы түрде жоспарлау, түзету және іске асыру, өз проблемалары мен дағдарыстарын рефлексиялау, яғни өзін толыққанды субъект ретінде іске асыру - бір жыл ішінде шешілмейді. Мұндай жұмыс біртектілікті, табандылықты және тиісті құралдарды қажет етеді, бірақ ең бастысы - бізге моральдық тұрғыдан шабыттандыруға, мұқият тәлім беруге, «өзімшілдік мағынада емес, қоғамды, өркениетті, мәдениетті таныстыруда» таңдау жасауға үйрететін мұғалімдер қажет. Шын мәнінде, жоғары кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінің алдында болашақ кәсіптік оқыту педагогының жаңа түрін, яғни оны тұлғалық және әлеуметтік тұрғыдан заман талабына сай қалыптастыру міндеттеледі. Осыған орай, болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруды жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру қажеттілігі мен оны іске асырудың әдістемелік негіздерінің жеткілікті деңгейде жасалмауы арасында қарама – қайшылықтардың бар екендігі байқалады.

Ол міндеттерді болашақ кәсіптік оқыту педагогының нәтижелі шешуі үшін оның бойында тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары қалыптасқан болуы қажет.

Көрсетілген мәселені ішінара шешу үшін осы диссертациялық жұмыстың тақырыбын келесідей тұжырымдадық: «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын

калыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері». Берілген тақырыпта еңбек жетістігін анықтайтын кәсіби маңызды қасиеттерді дамытуға аса мән беріледі.

Тәңкіш Нәзира Полатқызы өзінің диссертациялық жұмысында болашақ кәсіптік оқыту педагогының қалыптасу процесін зерделеу кезінде олардың еңбек қызметінің негіздеріне; кәсіби өзін-өзі анықтауына; еңбек өнімділігін арттыру мақсатында қатынастарды оңтайландыруда маманның тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларының қалыптасуы мен даму кезеңдеріне назар аударды.

Н.П.Тәңкіштің зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігін айтсақ:

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық әдіснамалық негіздері айқындалды;

- тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың дидактикалық шарттары анықталды және оған сипаттама берілді;

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілді.

Сондықтан, диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлайтын оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептердің, гимназия мен лицейлердің жоғары сатысында, колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады. Н.П. Тәңкіштің «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары теориялық деңгейде аяқталған, жаңа зерттеу әдістерін тиімді пайдаланған, ғылыми нәтижелерін көрнекі түрде көрсете білген, кәсіптік оқыту саласына өзіндік үлес қосқан зерттеу, практикалық маңызы бар жұмыс деп есептейміз.

Осыған байланысты, Тәңкіш Нәзира Полатқызын 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Түркия республикасы, Анталия қаласы,
Акдениз университеті, Бейнелеу өнері факультеті
п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Омер Займоғлы

